10.07.2025 жыл № 3

**Конкурсты ұйымдастырушы:**
**«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу**
**және коммуналдық меншік басқармасы»**
**мемлекеттік мекемесі**

09.07.2025 жылғы №15003726-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасына шағым

«Махамбет ауылдық округі әкімі аппараты» ММ үшін мемлекеттік сатып алу, № 15003726-ОК1 конкурсы бойынша 09.07.2025 жылғы №15003726-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес «G-Service» жеке кәсіпкері (ЖСН 930108300040) жеңімпаз деп танылған, алайда «G-Service» жеке кәсіпкері әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген материалдық ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі себепті оның өтінімі Конкурсқа қатысудан бас тартылуы тиісті болғандықтан бұл шешіммен төмендегі дәлелді негіздерді келтіре отыра келіспейтіндігімді білдіремін:

Атап айтқанда, «G-Service» жеке кәсіпкері (Ғаппаров Ж.Ғ.) аталған конкурсқа материалдық ресурстарына Атырау облысында тіркелген Погрузчигі бар екендігіне тіркеу нөмері AOD533E JCB маркалы және тіркеу нөмері AZD286E эксковатор-погрузчиктерін жалға беруші – жеке тұлға Е.Ғ.Сұпығалиевпен арадағы 02.06.2025 жылы жасалған техниканы жалға алу №06/25 келісім шартын техникалық паспорттарымен қоса ұсынған.

Алайда, жеке тұлға Е.Ғ.Сұпығалиевтың 10.07.2025 жылғы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесіне **нотариалды куәландыра отырып** (№815 тізілімде тіркелген) **берген Өтінішінде** ол жоғарыда аталған техникалардың өзінің жеке меншігіне тиесілі екендігін айта отырып, **«G-Service» жеке кәсіпкері Ж.Ғ.Ғаппаровпен арада ешқандай жоғарыда көрсетілген №06/25 келісім шартты жасамағандығын,** ол кісіні танымайтындығын және шартта деректемелерінің (реквизиттері) көрсетілмегендігін, құжаттарды қайдан алғандығын оған белгісіздігін, сондықтан **бұл келісім шарт жалған болғандықтан қабылдамауды сұраған**.

Оған қоса, жеке тұлға Е.Ғ.Сұпығалиев осы өтінішінде аталған конкурсқа «AKV» жеке кәсіпкерімен 01.07.2025 жылы №3 автокөлікті экипажымен жалға беру келісім шартын жасап, онда 2018 жылы шыққан, тіркеу нөмері AOD533E, JCB3CX4T маркалы погрузчик экскаваторын жалға бергенін растаған.

*Жеке тұлға Е.Ғ.Сұпығалиевтың нотариалды куәландырылған өтініші жалғанды.*

**Жоғарыдағы айтылғандар негізінде** «G-Service» жеке кәсіпкері өз өтінімінде жалған құжаттар ұсынып, Конкурстық комиссияға жалған ақпарат бергендіктен, Жеке тұлға Е.Ғ.Сұпығалиевтың нотариалды куәландырылған өтініші және менің осы шағымым негізінде **№15003726-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасының күшін жоюды** және өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген материалдық ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес **келмеуі себепті «G-Service» жеке кәсіпкерінің өтінімін Конкурсқа қатысудан бас тартылуын талап етемін.**

**«AKV» жеке кәсіпкері** **А.В.Хасан**